

**Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне коммуналдық қызмет шығындарын өтеуге 2012 жылға арналған әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі қосымша шаралар туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы әкімдігінің 2012 жылғы 9 ақпандағы № А-2/59 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 6 наурызда № 3422 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы әкімі аппаратының 2013 жылғы 11 маусымдағы № 1.5-13/8492 хатымен)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы әкімі аппаратының 11.06.2013 № 1.5-13/8492 хатымен).**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і :**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

«Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңдарына сәйкес, Ақмола облыстық мәслихаттың 2011 жылғы 2 желтоқсандағы «2012-2014 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» № 4С-39-2 шешімі негізінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3414 болып тіркелген) облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне коммуналдық қызмет шығындарына облыстық бюджеттен аудандар, Көкшетау және Степногорск қалаларының бюджеттеріне бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен 100 пайыз мөлшерінде қосымша шаралар белгіленсін.

**Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы әкімдігінің 2012.08.14 № А-9/401 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

2. Аудандар, Көкшетау және Степногорск қалаларының әкімдіктері, «Ақмола облысының жұмыспен қамтуды және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қолдансын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А.Қ.Қайнарбековке жүктелсін.

4. Осы қаулы 2012 жылдың 1 қаңтарынан кейін пайда болған құқықтық

қ а т ы н а с т а р ғ а

т а р а й д ы .

5. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Қ.Қожамжаров*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК